

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 қазан N 1593. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.06. N 434 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 18, 197-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 1999 жылға арналған республикалық бюджетке кредиторлық берешектерді өтеудің тәртібі туралы ережеде:

2-тармақтағы "1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда болған", "есеп айырысу жүргізілген сәтте өтелмеген" деген сөздер "есеп айырысу жүргізілген сәттегі жағдай бойынша қалыптасқан, бірақ 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайда болған мұндай берешектің сомасынан аспайтын (салық төлеушінің жеке шоты бойынша көрсетілген)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 1 - т а р м а қ т а :

"салық органынан" деген сөздерден кейін " N 8-нысан бойынша" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

32-тармақтың алтыншы абзацындағы "1998 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, "анықтама ұсынылған сәтте өтелмеген" деген сөздер "N 8-нысан бойынша (салық төлеушінің жеке шоты бойынша көрсетілген)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

34-тармақтың екінші абзацындағы "1998 жылғы 31 желтоқсанда қалыптасқан", "анықтама ұсынылған сәтте өтелмеген" деген сөздер "N 8-нысан бойынша (салық төлеушінің жеке шоты бойынша көрсетілген)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

41-тармақтағы "1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша расталған күні өтелмеген" деген сөздер алынып тасталсын;

N 7-нысандағы "1999 жылғы " _____ " _____ өтелмеген 1998 жылғы (кү н і) (а й ы)
31 желтоқсандағы," деген сөздер "1999 жылғы" " _____ " _____ (кү н і) (а й ы)

қалыптасқан және өтелуге жататын" деген сөздермен ауыстырылсын.
қосымшаға сәйкес N 8-нысанмен толықтырылсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 23 қазандағы
N 1593 қаулысына
қосымша
N 8 - нысан

(Аумақтық салық органының атауы, СТН)

1999 жылғы " ____ " _____

Республикалық бюджетке төленетін төлемдер бойынша
кредиторлық берешектің бар екендігі туралы
N _____ Анықтама

(салық төлеушінің атауы)

(облыстың коды)

(салық төлеушінің СТН)

1. _____ пайда болған республикалық бюджетке төленетін (_____
анықтаманың берілген күні)
төлемдер бойынша берешектің, бірақ 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай
бойынша қалыптасқан мұндай берешектің сомасынан аспайтын, салық
төлеушінің жеке шоты бойынша көрсетілген, жалпы сомасы
_____ теңгені құрайды, оның ішінде төлемдердің түрлері бойынша: _____

Төлем	Төлемнің атауы	Берешектің	Негізгі	Өсімақылар
коды		жалпы сомасы	борыш	Айыппұлдар

Ж и ы н ы

2. _____

(1999 жылғы 1 қаңтардан кейін Астана қаласында салық органдарында тіркелген, жеткізушілер бойынша тіркелген күні мен нөмірі)

3. Осы анықтама _____ данада берілді

Салық комитетінің төрағасы _____

(қолы) (аты-жөні)

Талдау және есептеу бөлімінің бастығы _____

(қолы) (аты-жөні)